

ӘОЖ 882.151.212.2.091

Ж. Уейго

*Орталық Ұлттар университеті, Бейжің, Қытай
(E-mail: beijingzwg@126.com)*

Діннің тілдік өмірге жасайтын ықпалы

Мақалада гуманитарлық ғылымдар, қоғамның қарым-қатынасы, қоғамның өмірі мен тілі туралы әдістемелік сұрақтар қарастырылды. Автор дінді әлеуметтік сананың формасы, әлеуметтік өмірге үлкен ықпал ететін объективті әлемді білу мен меңгерудің бір түрі, сондай-ақ адамдар арасындағы қарым-қатынастың маңызды элементі және ойлау қабілетінің елеулі құралы ретінде тілді айқындады. Дінде болып жатқан үдерістер мен тілдегі өзгерістер арасындағы байланысты орнатып, тілдің жұмыс істеуінің түрлі салаларын талдау негізінде олардың тығыз қарым-қатынасын және өзара әрекеттесуін анықтайды. Сонымен қатар қоғамның тілдік көрінісінің мәселелерін, атап айтқанда, діни көзқарастар туралы және діни сананың мәдени және діни нысандар, жазбаша және аймақтық әдебиет номинациясы бойынша ықпалы туралы қорытынды жасады.

Кілт сөздер: тіл, ықпал, тіл және дін, адамзат, қоғам, көзқарас, қарым-қатынастың маңызды элементі.

Діннің тілмен болған қатынасын сөз еткен мақалалар шынымен аз емес. Осы саладағы зерттеулердің негізгі ахуалы төмендегідей: осы мәселенің мәлім жерлердегі, мәлім ұлттар өміріндегі, мәлім тілдегі негізгі ахуалын зерттеуі бір шама көбірек. Ал осы мәселенің субъектив көзқарастағы жалпы беттік меңгерілуі, жан-жақтылы зерттелуі кемшін. Тар көлемде зерттелгенімен, жүйелі түрде толыққанды талдалмай келеді. Осы мақалада әлемдік бірнеше діннің даму тарихындағы тарихи шындығы негізінде тілдік тұрмыстағы басты мазмұндарын өзек ете отырып, діннің негізгі қасиеті мен қоғамға ықпал ету тәсіліне, діннің тілдік тұрмыстағы ықпалына жүйелі түрде тереңірек үңілумен бірге, адамдардың тіл мәселесін тану және бір жайлы ету барысында кеңірек ойлауына, тереңдей тануына, түсіндірулерінің өнімді болуына көмектесетін боламыз.

1 Тілдің қоғамға ықпалы

Діннің тілмен байланысын анықтауда әуелі діннің қоғаммен байланысын анықтап алуымыз керек. Себебі діннің тілге ықпалы діннің қоғамға болған әсері арқылы жүзеге асады. Діннің төмендегідей бірнеше анықтамасы біздің діннің тілге ықпалын түсінуімізге көмектесетін болады. Дін — адамзат қоғамындағы рухани өркениеттің маңызды бөлегі. Дін — адамзаттың біртүрлі сенімі, ол тәңірді — өзек, адамдар тәжірибесін негіз етіп, қоғамдық рөлде бейнеленеді. Дін адамзат қоғамындағы бір шама ұзақ тарихи кезеңдегі рухани өркениет, саяси өркениеттің маңызды бөлшегі болумен бірге заттық өркениетке де зор ықпал жасайды.

Дін сансыз халықтың ортақ құнды көзқарас пен ортақ тұрмыстық әдетін қалыптастыруды бастамашылық және жетекшілік рөлге ие. Дін сансыз халықтардың сеніміне, қимылына, санасына жетекшілік етумен бірге, шектеу рөлін атқарды. Бұл құбылыс дүниедегі үш үлкен діннің барлығында сақталған. Егер белгілі бір ұлт немесе мемлекет біртүрлі дінге сенетін болса, онда осы дін сол ұлттың немесе мемлекеттің құрылыс мәдениетіне, көпшілік санасына, жұртшылық қолдауына зор рөл атқарумен бірге, сол ұлттың немесе мемлекеттің саясатына, құқығына, ұлтаралық байланысына терең ықпал етеді. Жетектеу қаншалық ыждағатты болса, діндік тұрмыс соншалық жалынды болады. Сенетін адам саны неғұрлым көп болса, сол діннің қоғамға ықпалы соғұрлым зор болады.

Дін — адамзат қоғамының маңызды құрылымдарының бірі. Тарихи материализмнің тұрғысынан экономикалық базис қондырманы белгілейді. Қондырма экономиканың базисына кері әсер етеді. Қондырма екіге бөлінеді, бірі — саяси қондырма, енді бірі — идеялық қондырма. Қондырма, әдетте, танымдық форма деп те аталады. Үкімет — саяси қондырманың уәкілі, ол үнемі әкімшілік құрылым арқылы қоғамды тікелей меңгереді. Оның үстіне дін көп жағдайда танымдық форманың жетекшісі, танымдық форма негізінен саяси қондырманы бастан кешіріп, ең ақырында, қоғамға өз ықпалын жүзеге асырады. Бірақ дін жай танымдық форма емес, дін өзіндік ерекшелікке ие құрылымдық жүйеге және үнемілікке ие қоғамдық қимылы бар, қазына мүлкі де бар деп есептеледі. Дін бір түрдегі танымдық форма болып қалмастан және бір түрдегі қоғамдық күш болып, ол қоғамдық қимылға жетекшілік ете алады. Будда діні және Ислам діні тарихына көз жіберсек, үкімет пен діннің бірігіп кеткендігін байқаймыз. Үкімет пен дін бөлінгеннен кейін, дін үкіметке орасан зор ықпал жасады, тіпті үкімет ісіне оралғы болатын жағдайларды туындатып отырды. Қазіргі және байырғы дін мен саяси ажыраған мемлекеттер ішінде діннің қоғамға жасаған ықпалының негізгі формасы болса; діндік ұстанымнан, діндік қимылдан пайдаланып, дін ұстанушылардың көзқарасы мен әрекетіне ықпал тудыру, сонымен бірге осы арқылы қоғамға қайталай әсер тигізу орын алып отыр. Діннің қоғамдық әсер күшінің күшті-әлсіздігі, діннің дін ұстанушыларға болған ықпал күшінің күшті-әлсіздігін, санының аз-көптігін, қоғамдық орнының жоғары-төмендігін белгілейді.

Дін мен үкіметтің қайшылығы адамзат тарихында үнемі кезігеді. Тұтас орта ғасырдағы Христиан дінінің тарихы дәл сол бір бөлім Ватикан ордасы мен мемлекет патшасының діннен тыс үстемдік ету құқығына таласу тарихы еді. Мемлекеттің нысанасы мен діннің негізгі мақсаты өзара қайшыласқан кезде, дін мен үкіметтің қоғамға болған ықпал күші белгілі дәрежеде теріс корреляцияда болады. Яғни, үкіметтің қоғамға болған меңгеру күші әлді болған кезде, діннің қоғамға деген ықпалы әлсірейді, ал үкіметтің қоғамға болған меңгеру күші әлсіз болған кезде, дін сол ақтаңдақты толықтап, қоғамға қарата ықпал күшін арттырады. Дін адамзат қоғамындағы маңызды ұйымдық форма болғандығы себепті, тарихта үстем таптардың діннен пайдаланып, өзінің үстемдігін бекемдеу мен үстемдік етілуші таптың діннен қолданып, билеушілерді аударып тастаған мысалдар толып жатыр. Алайда мәселенің мәні әлі де: кім тіпті де көрнекті түрде алғабасар өндіргіш күштің даму бағытын жолға қойып, тарих ағымына сәйкесетін болса, сол ақырында халық жұртшылығының көңілінен орын алады және де қоғамға болған ақырғы ықпал күшке де ие болады. Дін мен үкімет жарасымдылықпен ортақ өмір сүреді, экономиканың дамуына, қоғамның ілгерілеуіне ортақ атсалысады, бұл адамзат қоғамының үкімет пен діннің қатынасын ойдағыдай бір жайлы ететін шегарасы. Дінге сену бостандығы, үкіметпен дін бір-біріне жуыспауда адамдар үкімет пен діннің қатынасын бір жайлы етуде бірте-бірте ортақ танымға ие болады. Еліміздің дін саясатының өзегі болса, дінге сену бостандығына, үкімет пен діннің бір-біріне жуыспауына, дін мен оқу-ағартудың бір-біріне жуыспауына табанды болып, дін мен еліміздің социалистік осы замандандыру құрылысының өзара бір-біріне сәйкесуін жебеу.

Дін мен экономиканың қатынасы. Сана формасындағы діннің экономикамен қатынасы көрер көзге алыс секілді сезіледі, алайда олай емес, әрқандай үлкен көлемдегі дін таратуда экономикалық факторлар рол атқаруда. Христиан діннің Еуропаға таралуы күшті Рим империясын арқау еткен, ал оның бес үлкен құрлыққа таралуы болса, Еуропа капитализмінің көтерілуі мен дүние жүзінің ірге кеңейту қимылымен тығыз ұштасқан, Ислам діннің үлкен көлемде таралуы болса, Араб империясының көтерілуі мен кеңеюіне байланысты, Будда діннің Қытайға және де Азия елдеріне таралуы Қытайдың ықпал күшінен бөле қарауға болмайды... Осы фактілерден біз мынаны байқаймыз: дін таратушы елдердің экономикасы мәдениетінің нақты күші діннің таралуына зор ықпал жасайды; дін, ең алдымен, сол жермен экономикалық байланысы бар районға қарай таралады, содан кейін алыс жерлерге қарай тарайды; діннің таралуы мәдениет жағындағы ауыс-түйісті жеделдетіп қалмастан, экономикалық жақтағы жағдайды да жеделдетеді. Әрі дін тараған аудандарындағы адамдардың экономикалық әрекетіне де ықпал жасайды.

2 Діннің тілге ықпалы

Тіл — адамзаттың ең маңызды қарым-қатынас құралы, адамзат ойының заттық қауызы. Дін біртүрлі сана, ал тіл болса, осының маңызды тасымалдаушысы, діндік қимылмен тілдік қимыл өзара айырылмайды. Дін болса, адамзат қоғамның рухани өркениетінің маңызды мазмұны, ол Христиан мұриттерінің арасында ортақ құн көзқарасы мен тұрмыстық өлшем қалыптастыруын дәріптейді және оны жалпыластырады, бұл адамзат қоғамның маңызды ұйымдық формасының бірі, ол адамзат

қоғамына күшті ықпал жасап қалмастан, әрі, сөзсіз, түрде адамзаттың тілдік тұрмысына да зор ықпал жасайды, діннің тілге ықпалы, ең алдымен, қоғамдық көзқарастың тілдік көзқарасқа қарата ықпалынан келіп шығады, ұқсас уақытта діндік қимылдың өз жеке тұлғасы да тілдік тұрмысқа қарата ықпал тудырады. Дін болса, қосжүзді семсер, оның қоғаммен тілге қарата ықпалы екі жақтылы болады.

Діннің тілдік көзқарасқа ықпалы. Діннің тілге болған ықпалы, ең алдымен, дін мүриттерінің қоғамдық көзқарасқа болған ықпалының ілгерілеуі мен дін мүриттерінің тілдік көзқарасқа қарата ықпалынан бейнеленеді. Дін дін мүриттерінің арасында біртұтас құн көзқарасын тәрбиелеп шығады, ол болса, құдайға сыйыну, құдайдың жазасынан қуанышты өмір табу, ақырында, құдайдың жәрдеміне ие болуды білдіреді. Бұл дін мүриттеріне алғашқы діни классикалық шығармалардың тілін қасиетті етіп көрсетеді. Ислам діні: «Құран-Кәрімді» Алланың араб тілі арқылы адамзатқа берген ақиқаты деп қарайды, сондықтан тек араб тіліндегі «Құран-Кәрімді» арқылы ғана нағыз ақиқаттың есігіне кіруге болады, сол себепті араб тілі мұсылмандардың арасында ұлы қасиетке, тіпті қасиетті орынға ие. Діни қызметкерлер, сөзсіз, араб тілін білу керек, әрі оқи алуы және араб тіліндегі «Құран-Кәрімді» түсіндіре алуы тиіс, әдетте, мұсылмандар араб тіліндегі үнемі істетілетін діни сөздермен сәлемдеседі немесе тілек тілейді. Еврейлердің дүние жүзіне бытырап таралып кеткеніне мың жылдан асты, алайда әуелгідей өзінің Хибберд тілін сақтап келеді, мұндағы маңызды бір себеп болса, Еврей дінінің классикалық шығармасы «Көне Інжіл» дәл осы Хибберд тілінде жазылған, хибберд тілін сақтау Еврей дінінің жалғасуының маңызды шарттарының бірі.

Бір ұлт біртұтас түрде бір дінге сенген кезде, бұл дін осы ұлттың шоғырлануына қарата жебеу рөлін атқарады, әрі ұлтты, дінді және өз ұлтының тілін қорғау санасында күшейтеді. Өз ұлтының тілін қорғау санасы ұлтты, дінді қорғау санасымен байланысқанда барып, тіл мәселесі қарым-қатынас құралы категориясы көлемінен озып шығады, сонда барып қоғамның саяси мәселесінің бет-бейнесі өзгереді.

Діни қимылдың тілдік тұрмысқа ықпалы. А) Діннің діннің қасиетті тілінің көлеміне және дамуына қарата ықпалы. Барлық діни кітаптар тіл мен жазудың сара туындысы іспетті. Барлық жеңіске жеткен насихаттаулар, тартымды теңдессіз лексикалар секілді, дін діннің қасиетті тілінің көлемі мен дамуын жебейді. Діни кітаптардың қасиеттілігі, адамдардың бұл кітаптарды тікелей оқуына деген қызғындылығын арттырды, бұл адамзаттың саналы түрде сауатсыздықты жоюының қозғаушы күштерінің бірі. Діни кітаптардың қасиеттілігі болғандығы себепті, діннің қасиетті тілінде де қасиеттілік бар, бұл дін мүриттерінің үйренуіне, осындай тілді қорғаудың қозғаушы күшімен қызғандылығын ала келді. Еврейлердің дүние жүзіне бытырап таралып кеткеніне мың жылдан асты, алайда әуелгідей өзінің тілін сақтап келеді, мұндағы үлкен бір себеп болса, Еврей дінінің ықпалы. Еврей діні өзінің мүриттеріне былай дейді: Еврейлер — тәңірдің талдаған бұқарасы, ал «Көне Інжіл» болса, еврей тілінің еврейлерге берген ескертпесі. Сондықтан еврейлер Тәңірге болған құрметі арқылы өз тілін үйренеді әрі сақтап келеді.

Ә) *Діннің таралуы сол дін жазуының таралуын келтіріп шығарды.* Дүние жүзіндегі әрбір негізгі жазудың таралуы мен дүние жүзіндегі негізгі діндердің таралуы арасындағы қатынас, осы әріп жүйесімен тіл эмбриологиясының, немесе тыйыптер, ілімі арасындағы қатынастан да тығыз байланыста. Діннің таралуы өзінің жазуын жазусыз тілдер ауданына қарай кіргізеді, және де өзінің жазуын жазу бар райондағы әуелгі жазудың орнына қолданады, мысалы: Христиан діні латын жазуын норвегия жазуы мен филиппин жазуының жазба тәсілінің орнына қойды, Ислам діні болса, араб тілін парсы тілінің, малайзия тілінің, түркі тілінің жазба тәсілінің орнына қолданды.

Б) *Діннің таралуы діннің қасиетті тілінің дін таралған аудандарда таралуын келтіріп шығарды.* Діннің таралуы діннің қасиетті тілінің таралуымен ілесе жүреді, бұндай жағдай дүниедегі үш үлкен діннің таралу барысында ортақ өмір сүреді, бұндағы негізгі барысы жалпы алғанда: діни қызметкерлер, алдымен, өзге ұлттың тілін үйренеді, одан басқа аудандағы ұлттарға барып дін таратады, сонымен, басқа ұлттардан діни қызметкерлерді тәрбиелеп шығады; өзге ұлттардың діни қызметкерлері екінші тілі болған діннің қасиетті тілін үйренеді, сонымен, өз ұлтының ауданында дін таратады; саясат, экономика, діннің жан-жақтылы ықпалында, өзге ұлттардың қарапайым дін мүриттері екінші тіл болған діннің қасиетті тілін үйренеді. Дін өзге ұлттардың райондарында таралу барысы және де сол аудандардағы ұлттардың тілі мен діннің қасиетті тілінің ұқсас өмір сүрудей құбылысы, даму барысы. Бұндай қос тілдің қоғамдану дәрежесінің жоғары-төменділігі, діннің өз басының ықпал күшімен байланысты және де ұқсамаған діннің діни кітаптардың тіліне болған позициясымен де қатысты. Ислам діні, Үнді діні, Еврей діні діни кітаптардың тілінің қасиеттілігіне

баса назар аударды, сондықтан Ислам діні мейлі қай жерге тарасын, араб тіліне қатысты білімдер қоса таралады, әрі мұсылмандардың араб тілімен «Құран-Кәрімді» оқи алуын дәріптейді. Христиан діні мен Будда діні өздерінің діни кітаптарының басқа тілге аударылуын жебейді, сондықтан дін мүриттерінің ұқсас тілде діни кітаптарын оқуын талап етпейді. Деседе тілдің таралу қабілетіне ықпал жасайтын фактор және де дін уақылдық еткен экономика, саяси, мәдениет күші болып саналады.

В) *Дін көптеген діни сөздерді дінге сенетін ұлттың тіліне кіргізді.* Дін өзге ұлттарға таралғаннан кейін, көптеген діннің көзқарастардың кіруіне ілесе көптеген діни сөздер де қолданыла бастады. Бұл діни сөздер, ең алдымен, өзге ұлттардағы дін мүриттерінің діндік тұрмысында қолданыла бастады, сонымен, дін мүриттерінің күнделікті тұрмысында үнемі қолданылатын болды. Соңында, талғамды түрде дін мүриттері тұрған ауанның қоғамдық тұрмысына ене бастады. Бұндай құбылыстар елімізге үш үлкен діннің кіру барысында да көрінген болатын. Төмендегілер Христиан дінінен Қытай тіліне кірген сөздерден келтірілген мысалдар:

– Дін мүриттерінің діни тұрмысына кірген сөздер: *табындырылу, пайғамбар асы, үшеуі бірге бой көрсету, аруақ.*

– Дін мүриттерінің күнделікті тұрмысына кірген сөздер: *қуану, асырап-бағу, сайтан, тыныш болу.*

– Дін мүриттерінің тұрған аудандағы қоғамдық тұрмысқа кірген сөздер: *бақыт хабаршысы, періште, күнәсін мойындау, бетінен қайту, Тәңір.*

Г) *Дін тарату үшін қызмет өтейтін тілді зерттеу қимылымен дінге сенетін ұлттардың тілін жебеу.* Тіл болса, діндік көзқарастың маңызды тасымалдаушысы, дін таратуда, ең алдымен, сөзсіз түрде тілдің тасмалдау мәселесін шешім ету тиіс, сондықтан дін таратушы әрбір жерге жеткен сайын, сол жердің тілін зерттеп үйрену оның алдымен жолығатын мәселесі. Христиан дінінің таралу мәні болса, дін таратушының сан-мың мемлекеттің тілін біліп, оларға бақыт жаратуына жігер береді [1; 2-11]. Сондықтан Христиан дінін таратушылар мейлі қай жерге барса да, ең алдымен, істейтін маңызды қызметі болса, сол жергілікті орынның тіл-жазуын үйрену, зерттеу әрі сол жергілікті орынның тіл-жазуын таратып, інжілді аудару. Олардың өзге ұлттар арасында дін таратып тілге тексеру жүргізіп, жазуды барлыққа келтіріп, сөздікті құрастырып, аударма жұмысын зерттеуінің барлығы осы ұлттардың тіліне болған зерттеу жұмысының басталуына және дамуына маңызды жебеуші рол атқарды.

Д) *Діннің таралуы ұлттар арасындағы мәдениеттің алмасуы мен дамуын жебейді.* Діннің таралуында өз ұлтының тілін басқа ұлттарға да үйретіп, ұлттар арасындағы мәдениеттің алмасуы мен дамуын жебейді. Діннің таралуы, сөзсіз, діни кітаптардың аударма нұсқасын ала келеді, бұл аударған шығармалардың өзі осы ұлттардың тіл мәдениетіндегі асылға айналуы мүмкін, әрі осы ұлттың тіл мәдениетінің дамуына да зор жебеушілік ала келеді. Будда діннің Шыңжаңда таралуы Будда діні жазбаларының аударма нұсқасының гүлденуін ала келді. Мөлшермен жаңа эраның VII–IX ғасырында аударылған ертедегі ұйғыр жазуында жазылған Мюллердің «Кездесу естелігі» болса, Будда діннің сахналық театрының сценарийі жиыны 25 көрініс, қолмен көшірген нұсқасы жиыны 293 бет, жалпы жобасындағы бет саны 586, тілі тартымды, сезімі шынайы, көруге татиды, бұл көлемі кең, көздің жауын алатын драма сол кездегі ұйғырлардың тіл-жазуына, мәдени тұрмысына зор көлемде ықпал жасады [2; 32]. Христиан діні Қытайға кіргеннен кейінгі ең маңызды оздырған қимылы болса, әр дәрежедегі, әр түрдегі діни мектептерді құрғаны еді, бұндай мектептер көптеген Қытай тілі, Ағылшын тілі сынды қос тілдегі адамдармен әр түрдегі таланттыларды тәрбиелеп шықты, таяу заман, осы заманғы Қытайдың тіл және мәдениеті үшін жебеу ролын атқарды, Ислам діні Шыңжаңға кіргеннен кейін араб тілі, парсы тілі, түрік тіліндегі Шыңжаң ұлттарының тіл мәдениетіне қарата зор ықпал көрсетті. Шағатай тілі XIX ғасырдың соңынан бұрынғы ұйғыр, өзбек, қазақ, қырғыз, татар сынды ұлттардың ортақ қолданатын жазба тілі еді, бұнда дыбысталуы, грамматикасы және негізгі сөздік қоры түрік тілінің ерекшелігін сақтаған еді, алайда араб, парсы тілінің күшті ықпалына ұшырады. Сонымен, шағатай тілі араб жазуының жазу формасы бойынша өзгерді. Шағатай тілі ілімі араб, парсы тілінің терең ықпалына ұшыраған [2; 123, 124]. 1074 жылы құрастырылып шыққан «Түркі тілдері сөздігі» болса, Махмұт Қашқаридың араб дүниесіне түрік тілін түсіндіретін, араб тілімен жазылған түрік тіліне қатысты сөздік еді, бұны құрастырып жазудың себебі, мақсаты, ниеті, түгелімен, араб тіл мәдениетімен тығыз байланысты [3; 386].

3 Діннің тілге ықпалының екіжақтылығы

Әр зат секілді, діннің де тілге екіжақтылы әсері болады. Жоғарыда айтқандардың барлығы діннің тілге болған дұрыс жағының әсері, ал діннің тілге кері әсерін төмендегі мысалдардан көреміз.

А) Бір сыпыра діни ой ағымдар мен қимылдар тарихтың даму беталысына сәйкеспесе, заманның артында қалған кезде, бұндай идеялар адамдарды бұғаулайды, қоғамның дамуына, сонымен қатар тілдік тұрмыстың да қалыпты дамуына кедергі келтіреді. Мысалы, орта ғасырда Христиан діні ұзақ уақыт адамдардың идеясын бұғаулады, сол аудандағы тіл-жазу мен сол ауданның басқа көркемөнер түрлері ұқсамады, ұзақ уақыт діни материалдарға қатып сеніп, халықтың алуан-түрлі реал өмірін шектеп тастаған еді. Ислам діні мәлім аудандарда, мәлім тарихи кезеңдерде ұзақ уақыт бойы қыз балалардың оқуға түсуін шектеп, сол ауданның тілі мен мәдениетінің жалпыласуына ықпал жасаған еді.

Ә) Діннің қос тілге кері әсері. Мәлім бір дін басқа ауданға кірген кезде сол ауданның қос тілін дамытады, алайда мұндай қос тілдің дамуы бағыттылыққа ие болады, осындай болғанда діннің таралуы мен діннің ықпал күшінің артуына тиімді болады. Сонымен, қос тіл құбылысының пайда болуын жебеп, дамытатын қоғамдық факторлар көпжақтылы болады, дін тек соның бір жағы ғана, және де басқа маңызды факторлар бар, мысалы, экономика, саяси, мәдениет, жан саны қатарлылар. Мәлім діни идеялар қос тілдің жетектеу бағыты басқа қоғамдық факторлар қос тілдің дамуының талабына толымды болмаған, ал бұл діни ой ағымдар өрескелдікке табанды болып, беталды әрекет жасаған кезінде, бұл діни идеялар қос тіл дамуының экономиканың дамуына сәйкесуіне, қоғамның ілгерлеуіне, қос тіл ақаусыздығына, жалпы беттік дамуға кедергі болады. Тарихта да тіпті қазірде де, бір сыпыра Ислам діні ауданындағылар мәлім діни идеялардың ықпалында, араб діни мектебін ашып осы заманда мектепті шектеп отыр, араб тілін дәріптеп, басқа тілдерді шектейтін істер көбінде көрініп тұрады.

Б) Діннің тілдік қарым-қатынасқа кері ықпалы. Көптеген діндер өзінің арманын уағыздайды, өзінің пайдасын дәріптейді. Алайда басқа діндермен қатысты болған кезінде, өзі шын құдайға сендім деп қарайды, өзінің сенген дінін ең ұлы деп ойлайды, кейбір діни идеялар басқа дінге қарата сыртқа тебу позициясын ұстайды, сондықтан діндер арасындағы қақтығыс көп көрінеді. Израиль мен Палестина қақтығысын саяси, экономикадан емес, қайта дін жағынан қарау керек, біреуі өзін тәңірдің талдаған бұқарасымен дейді, енді біреуі алланың құлымын деп есептейді, өзара жол бермей, сұрапыл қарсыласып, жарым ғасырға жуық соғыс өртін тоқтатпай келеді. Осындай қоғамдық ортада бұл ауданда енді жарасымды ақаусыз тілдік қатынас болмайды деп ойлауға болады. Діни қайшылық, ұлттық қайшылық асқынған аудандарда, тіл әрқашан да діни, ұлттық, саяси қақтығыстың құралына айналады, сонымен, жұртшылық қарым-қатынасынан, экономика дамуынан, қоғамның алға басуынан алшақ жатады. Тілдік қатынас өзара қақтығысқа араласқан кезде ықпалға ұшырайтыны болса, тілдік қатынастың әр жағы, ал зиянға көп ұшырайтыны күші әлсіз тілдер тобы, себебі олар күшті тілдер тобы мен мәдениетке йек артады және қажетсінеді.

4 Дін мен тілдік тұрмыс арасындағы байланысты зерттеудің мәні

Еліміз дінді социалистік осы заманғы құрылысымен өзара сәйкестіру ғылыми көзқарасын ортаға қойды, сонымен бірге діннің адамзат қоғамында сақталып тұрудың ұзақ уақыттылығы мен сөзсіздігін, әрі оның біртүрлі мәдени түр арқылы адамзат қоғамына болған белсенді ролін және оның шектемелігімен атқарған керенау ролін көрді. Бұнда біз дін мен тілдің әртүрлі қарым-қатынасын талқыладық, мұндағы мақсат діннің тілдік тұрмысқа болған механизмдік қызметін және тілдік тұрмысқа әртүрлі ықпалын, әрі бұл ықпалдардың тілге болған белсенді ролі мен керенау ролін таныдық. Бұл біздің асылын алып, жасығын тастауымызға пайдалы, сонымен бірге дін мен жарасымды алға басқан тілдік тұрмыстың өзара сәйкесуін жебеді, әрі жарасымды қоғам құруға пайдасын тигізді.

Әдебиеттер тізімі

1. Інжіл. Дін таратушының өмірбаяны. (圣经). — Бейжің: Қоғамдық ғылымдар баспасы, 1990. — 211 б.
2. Матнияз Р. Батыс өңір аударма тарихы / Р. Матнияз. (西域翻译史). — Үрімжі: Шыңжаң ун-ті баспасы, 1994. — 150 б.
3. Қытай энциклопедиясы (中国大百科全书 (语言文字)). — Бейжің: Қытай энцикл. баспасы, 1988. — 1125 б.

Ж. Уейго

Влияние религии на жизнь языка

В статье рассмотрены методологические вопросы гуманитарной науки о связи религии, общественной жизни и языка. Автор исходит из того, что религия, как форма общественного сознания, является одним из способов познания и усвоения объективного мира, которая оказывает большое влияние на общественную жизнь, в том числе и на язык как важнейший элемент человеческого общения, материально выраженное средство мышления людей. Автор статьи установлена связь между процессами, происходящими в религии, и языковыми изменениями, выявлены их тесная взаимосвязь и взаимовлияние на основе анализа разных сфер функционирования языка. Кроме того, особое внимание уделено вопросам языкового выражения общественного и, в частности, религиозного мировоззрения и сделан вывод о влиянии религиозного сознания на номинацию культурных и религиозных объектов, письменность, региональную литературу.

Ключевые слова: язык, функционирование языка, язык и религия, общество, важнейший элемент человеческого общения.

Zh. Uejgo

Influence of religion on language life

Religion is one of the ways of cognition and assimilation of the objective world of humankind, which has a great influence on the social life of people. Language is the most important element of human communication and material of thinking of people. If religion is the recognition of one field, the language is its main carrier. Religious movement and language movement are closely interrelated with each other, religion has a great influence on all spheres of linguistic actions of humankind. Religion, first of all, contributes to the linguistic knowledge of people through the social worldview. Religion has a great influence on religious names, as well as on the language, writing, literature of the areas where it is spread. Religion is like a two-sided sword, in addition to its positive effect on the language and society will be reflected and the negative effect.

Keywords: language, language functioning, language and religion, society, essential element of human communication.

References

- 1 Inzhil. Din taratushynyn omirbaiany. (圣经). (1990). [General provisions Bible. The life story of the distributor of religion]. Beijing: Kohamdyk hylymdar baspasy [in Kazakh].
- 2 Matniaz, R. (1994). *Batys onir audarma tarikhy [History of translation of the Western region]*. Urumchi: Shinzhian universiteti baspasy [in Kazakh].
- 3 Kytai Entsiklopediiasy (1988). [Chinese Encyclopedia]. Beijing: Kytai entsiklopediiasy baspasy.